

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ «ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ  
БІЛІМ БӨЛІМІ «ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

030900, Ойыл селосы Амангелді көшесі, 2 үй Тел: 8 (71332) 2-16-52

E – mail:kssh\_uil@mail.kz

**Бұйрық №50/1**

**29.08.2024 ж**

**Білім беру саласындағы мемлекеттік  
көрсетілетін қызметтерге жауапты  
қызметкерлерді тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 11 бабын және «Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Ережесінің 3 бөлімі 20 тармағын басшылыққа ала отырып Ойыл казак орта мектебінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша төмендегі қызметкерлер жауапты болып бекітілсін:

1.«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қызмет көрсету мектептің іс-қағаздарын жүргізушісі **С.Киндикужинаға** жүктелсін.

2.« Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қызмет көрсету мектептің әлеуметтік педагогы **А.Жакыпбековаға** жүктелсін.

3. «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қызмет көрсету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары **Ә.Хамитов, Г.Бегалинаға** жүктелсін.

4. «Негізгі орта , жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қызмет көрсету мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ж.Даулетқалиқызына** жүктелсін.

5.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау ) оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша қызмет көрсету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Н.Дәулетқалиевке** жүктелсін.

9. Мемлекеттік қызметтердің көрсету сапасын арттыру бойынша өткізілген іс-шаралардың жүргізілуі, Мемлекеттік қызметтерді көрсету стандартының сақталуы, ай сайынғы Аудандық білім бөліміне есептің берілуі **С.Киндикужинаға** жүктелсін.

10.Аталмыш бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директоры өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры :



**Р.С.Улыкпанова**

Бұйрықпен таныстым :